

«Келісіді»

«Ақтөбе облысының білім басқармасы
Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ
әдістемелік кабинет меңгерушісі:

Г.С.Барикова

« 02.09 » 2025 ж



«Бекітемін»

«Ақтөбе облысының білім басқармасы,
Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ
«№ 6 «Ақкөгершін» бөбекжай –
балабақшасы» МКҚК-ның
меңгерушісі:

К.М.Мурينو

« 02 » 09 2025 жыл



**«Ақтөбе облысының білім басқармасы,
Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ
«№6 «Ақкөгершін» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК
2025-2026 оқу жылына арналған
оқу жоспары**

ТҮСІНІК ХАТ

«Ақтобе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ №6 «Ақкөгершін» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК-ның 2025-2026 оқу жылының оқу жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығының 1-қосымшасы. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен бекітілген 1-2-3 қосымшаларға сәйкес, үлгілік оқу жоспарына ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.01.2025 жылғы № 7 бұйрығындағы өзгерістер мен енгізулері негізінде, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 30.04.2025 жылғы № 98 бұйрығындағы өзгерістер мен енгізулері негізінде, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушы 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына 1-қосымша Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығын негізге ала отырып құрылды.

Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша:

- Физикалық дамыту;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- шығармашылық дағдыларын, зерттеуік-әрекетін дамыту;
- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асыру.

Физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік эмоционалды дағдыларын қалыптастыру келесі ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асыру:

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын тиімді іске асыру мақсатында №6 «Ақкөгершін» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК ҚР Оқу -ағарту министрінің 30.04.2025 жылғы № 98 бұйрығындағы өзгерістер мен енгізулерді басшылыққа ала отырып білім беру процесіне жоспарлау енгізілді. Ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады:

- 1) дене тәрбиесі;
- 2) сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет;
- 3) қазақ тілі;
- 4) сенсорика;
- 5) математика негіздері;
- 6) құрастыру;
- 7) қоршаған әлеммен таныстыру;
- 8) сурет салу;
- 9) мүсіндеу;
- 10) жапсыру;
- 11) музыка.

№6 «Ақкөгершін» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК-да ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің Үлгілік қағидаларына сәйкес жас ерекшелігі әртүрлі жас топтарын қамтиды:

1. «Құлыншақ», «Кобелек» - 2 жас (кіші топ) қазақ тілді;
2. «Айгөлек», «Балапан» -3 жас (ортаңғы топ) қазақ тілді;
3. «Ақбота», «Қонжық» -4 жас (ересек топ) қазақ тілді;
4. «Құлпынай», «Балдырған» -5 жас (мектепалды топ) қазақ тілді.

Ұйымдастырылған іс-әрекетіне:

1. Дене тәрбиесі аптасына 3 рет – барлық топтарда.

2. Музыка аптасына 1 рет -2 жас (кіші топ)

Музыка аптасына 1 рет-3 жас (ортаңғы топ);

Музыка аптасына 2 рет-4 жас (ересек топ);

Музыка аптасына 2 рет-5 жас (мектепалды тобы)

3. Қазақ тілі аптасына 1 рет-3 жас (ортаңғы топ);

Қазақ тілі аптасына 1 рет-4 жас (ересек топ);

Қазақ тілі аптасына 2 рет-5 жас (мектепалды топ).

Оқыту және тәрбиелеу жұмыстары қазақ тілінде жүргізіледі.

Топтарда тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің Үлгілік қағидаларына сәйкес жас ерекшелігі әртүрлі жас топтарының толықтырылуы: балабақшада жас ерекшелігі әртүрлі жас тәрбиеленушілердің болуына байланысты 2025 жылдың 24 маусымдағы ҚР Оқу-ағарту министрлігі «Балаларды ерте дамыту институты» РММ ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылған әдістемелік нұсқау хатты басшылыққа алып, перспективалық жоспарды Үлгілік бағдарламасы міндеттері тәрбиеленушілердің жасына сәйкес, барлық топтарда перспективалық жоспарлар құрылды. Циклограмма тәрбиеленушілердің әртүрлі әрекеттерін ұйымдастыруда тәрбиеленушілерге тапсырмалар жас ерекшеліктеріне сәйкес беріледі, ұйымдастырылған күн сайынғы іс-әрекеттер, түрлі балалар әрекеттері күні тәртібіне сәйкес **циклограммада** толтырылады және іске асырылады. Сонымен қатар «Адал Азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу мақсатында топтардың циклограммасына атқарылған іс-әрекеттер толтырылып, балабақшаның жылдық жоспарына сай жүргізіледі. Педагогикалық процесті ұйымдастыру және базалық мазмұнының толықтыру мақсатында төмендегідей вариативтік бағдарламалар қолданысқа енгізілді.

1. «Мені қоршаған орта» – ортаңғы топтарда;

2. «Асық» үйірмесі- ересек топтарда;

3. «Гимнастика» үйірмесі- ересек топтарда;

4. «Теннис» үйірмесі- МАД топтары;

5. «Таеквандо» үйірмесі- МАД топтары;

Құрастырушылар: Умурзакова Г.Н, Жанабаева Н.Б, Сарсеков С.К, Губайдуллина Э.Е, Басауова Г.Г. №6 «Ақкөгершін» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК педагогтары. Бағдарлама «Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ сараптау комиссия шешімімен №579 бұйрығымен 2025 жылы бекітілді.

2025-2026 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспары 28 тамыз 2025 жылдың № 01 хаттама педагогикалық кеңесте қаралып «Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ-нің сараптау комиссиясының шешімі мен бұйрығы № 579/н/к «02.09» 2025 жылдың негізінде бекітіліп, жүзеге асырылады.



«Бекітемін»
 «Ақтөбе облысының білім басқармасы,
 Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ
 «№ 6 «Ақкөгершін» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК-ның
 меңгерушісі: К.М.Мурзина *[Signature]*
 2025 жыл

«Қаралды»:
 Пед. кеңес Хаттама № 01
 «02» 09 2025ж

Қазақстан Республикасы
 Білім және ғылым министрінің
 2012 жылғы 20 желтоқсандағы
 № 557 бұйрығына
 1-қосымша

**2025-2026 оқу жылдарына арналған МКҚК №6 «Ақкөгершін» бөбекжай-
 балабақшасының бөбек жасындағы балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие
 мен оқытудың үлгілік оқу жоспары**

Рет №	Ұйымдастырылған іс-әрекет*	кіші топ (2 жастағы балалар)
1	Дене тәрбиесі	аптасына үш рет
	Дене тәрбиесі **	күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	күн сайын
3	Сенсорика	күн сайын
4	Қоршаған әлеммен таныстыру	күн сайын
5	Сурет салу	күн сайын
	Мүсіндеу	күн сайын
	Жапсыру	күн сайын
	Құрастыру	күн сайын
6	Музыка	аптасына бір рет
	Музыка***	күн сайын



«Қиралды»:
 Пед. хенес Хаттама №1
 « 02 » 09 2025ж

Қазақстан Республикасы
 Білім және ғылым министрлігінің
 2012 жылғы 20 желтоқсандағы
 № 557 бұйрығына
 2-қосымша

**2025-2026 оқу жылдарына арналған МКҚК №6 «Ақкоерші» бөбекжай-
 балабақшасының мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие
 мен оқытудың үлгілік оқу жоспары**

Рет №	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Жас топтары	
		ортаңғы топ (3 жастағы балалар)	ересек топ (4 жастағы балалар)
1	Дене тәрбиесі	аптасына үш рет	аптасына үш рет
	Дене тәрбиесі **	күн сайын	күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	күн сайын	күн сайын
	Қазақ тілі	аптасына бір рет	аптасына бір рет
	Қазақ тілі ***	күн сайын	күн сайын
3	Сауат ашу негіздері	-	-
4	Математика негіздері	күн сайын	күн сайын
5	Қоршаған әлеммен таныстыру	күн сайын	күн сайын
6	Сурет салу	күн сайын	күн сайын
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
	Құрастыру		
7	Музыка	аптасына бір рет	аптасына екі рет
	Музыка****	күн сайын	күн сайын

«Бекітемін»
 «Ақтобе облысының білім басқармасы,
 Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ
 «№ 6 «Ақкөгершін» бөбекжай – балабақшасы» МКҚК-ның
 меңгерушісі: К. Мұртінова
 2025 жыл

«Қаралды»:
 Пед. кеңес Хаттамa № 1
 «02» 09 2025ж

Қазақстан Республикасы
 Білім және ғылым министрлігінің
 2012 жылғы 20 желтоқсандағы
 № 557 бұйрығына
 3-қоспамен

**2025-2026 оқу жылдарына арналған МКҚК №6 «Ақкөгершін» бөбекжай-
 балабақшасының мектепке дейінгі ұйымдағы мектепалды топқа / мектептегі
 (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сыныпқа арналған мектепке дейінгі тәрбие
 мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (5 жастағы балалар)**

Рет.№	Ұйымдастырылған іс-әрекет*/ Балалардың іс-әрекеті	Аптадағы өткізу жпiлiгi	Аптадағы нормативтік жүктеме
1	Дене тәрбиесі		3 сағат
	Дене тәрбиесі **	күн сайын	
2	Сөйлеуді дамыту		2 сағат
	Көркем әдебиет		2 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті	күн сайын	
	Қазақ тілі		2 сағат
3	Қазақ тілі***	күн сайын	
	Сауат ану негіздері		3 сағат
4	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет	күн сайын	
	Математика негіздері		3 сағат
5	Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті	күн сайын	
	Қоршаған әлеммен таныстыру		2 сағат
6	Зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті	күн сайын	
	Сурет салу		1 сағат
7	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
	Құрастыру		
8	Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті	күн сайын	
	Музыка		2 сағат
8	Музыка****	күн сайын	
	Барлығы		20 сағат